



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**  
**ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ**  
**№ 5 Б А С П А С Ө З - Р Е Л И З І**  
**2 0 0 7 Ж Ы Л Ғ Ы 1 А Қ П А Н**  
**Халықаралық резервтер, ақша базасы**  
**және Ұлттық қор шоттарындағы**  
**ақша қаражаты туралы**

**1. Халықаралық резервтер және ақша базасы.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2007 жылғы 31 қаңтарда мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен <sup>1</sup>
<b>Таза халықаралық резервтер, млн. долл.</b>	<b>20 895,4</b>	<b>20 873,6</b>
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы <sup>2</sup> таза активтер	19 497,4	19 497,4
Алтын	1 398,0	1 376,2
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>1 391,0</b>	<b>1 391,0</b>
Тар ақша базасы <sup>3</sup> , млрд. теңге	1 234,9	1 234,9
ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	156,0	156,0
KZT/USD (кезең аяғында)	126,24	127,00
Алтынның бағасы (1 троялық унция USD-мен)	645,75	635,70

*1 теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағасы және алтынның бағасы 2006 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.*

*2 ЕАВ-дағы<sup>2</sup> таза активтер – бұл ЕАВ-дағы жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма*

*3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы*

*4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер*

2007 жылғы қаңтарда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері өсті.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 9,3%-ға (немесе 1 786,2 млн. долл.) өсті.

Ай бойына Ұлттық қордың активтерін толықтыру және алтынвалюта резервтерінің шоттарынан Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар жүргізілгендігіне қарамастан екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасымен ашылған корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары азайды, Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығында валюта сатып алуы және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі валюта қорының ұлғаюына әкеп соқты.

Осылайша, таза валюта қорлары (ЕАВ) 1 764,4 млн. долларға, әлемдік нарықтағы бағасының 1,58%-ға өсуі нәтижесінде алтындағы активтер 21,8 млн. долларға көбейді.

Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 14 739,8 млн. долл.) еліміздің халықаралық резервтері тұтастай алғанда (ағымдағы бағамен) 35 639,4 млн. доллар құрады. Өткен аймен салыстырғанда ол 7,4%-ға өсті.

Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің төмендеуі (Үкіметтің шоттарындағы ақшаның өсуі) 2007 жылғы қаңтарда ақша базасының 7,4%-ға (немесе 110,5 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.

**2. Ұлттық қордың шоттарындағы ақша қаражаты.** 2007 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Қор) шоттарындағы айырбасталуы тиіс сома ұлттық валютамен **43,7 млрд. теңгені** құрады.

Қор активтерін айырбастау және қайта айырбастау ережесіне сәйкес Ұлттық Банк 2007 жылдың ақпан айында Қор ақшасын одан әрі инвестициялау мақсатында бұл соманы рұқсат етілген қаржы құралдарына айырбастайды. Айырбастау Ұлттық Банктің алтынвалюта активтерінен шетел валютасын немесе шетел валютасындағы қаржы құралдарын Ұлттық Банктің операциялар жүргізетін күнгі белгіленген ресми бағамы бойынша сатуы немесе шетел валютасын операциялар жүргізетін сәттегі қалыптасқан бағам бойынша ішкі валюта нарығында теңгеге сатып алуы арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте Қордың шотына ай бойына түскен түсімдер кепілдік берілген трансферттің бекітілген көлеміне сәйкес ағымдағы айдың соңында немесе келесі айдың басында жүзеге асырылатын кепілдік берілген трансферттер түріндегі Қордың шығыстары үшін жеткілікті сома жинақталғанға дейін айырбасталмауы тиіс.